

Жетістіктері

"Құрмет" орденімен (2001), "Еңбектегі ерлігі үшін" медалімен (1970), Қазақстан Жоғары Кеңесінің Құрмет грамотасымен марапатталған.

Қаламгерді күллі Одаққа танытқан басты шығармасы – «Сәтбаев». Жас қаламгердің Қ. И. Сәтбаев» ғұмырнамасымен шұғылдануы да себепсіз емес, әдебиетке әуесқой инженерді академик Ә. Х. Марғұлан 1963 жылы Алматыға шақырып, осы тақырыппен түбегейлі айналысуына ой салған.

1980 жылы Мәскеудің «Молодая гвардия» баспасының әлемге әйгілі «Жайсаң адамдардың өмірі» сериясында («ЖЗЛ» атанған) тұңғыш шыққан айтулы ғұмырнамасының халықаралық жәрмеңкеде 5 мың данасы таратылыпты. Қазақтың Қанышын әлемге танымал еткен інісінің шығармашылығына тәнті болған Халық жазушысы Ә.Нұршайықовтың сөзімен айтсақ: «Алыпты алып қана арқалай алады, Абайдай данышпанды Әуезов әлемге танытты. Сәтбаевтың ұлы тұлғасын М.Сәрсекке ұлықтады, ЮНЕСКО жариялаған дерекке қарағанда, оның «Сәтбаевы» әлемнің 112 еліне тарапты! Бұл – заңғар ғалымның есімін туған жұртында айтқызбай жүрген кешегі кереғар заманда Медеудің ерлігімен жүзеге асқан іс».

«Сәтбаев», одан соң «Қазақтың Қанышы», «Сәтбаев планетасы», «Қаныш елі» атанған, он төрт басылымнан тұратын ғұмырнама кітаптардың бәрінің де түп негізі бір – ұлы ғалымның өмір жолын ұлықтау. Қаныш Сәтбаев, Ебіней Бөкетов, Ермұхан Бекмаханов. Үш алып қазақтың маңдайына біткен нар тұлға.

Медеу Сәрсекке –«Құрмет» орденінің иегері, «Еңбектегі ерлігі үшін» медалімен, Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесінің Құрмет Грамотасымен марапатталған, Обиралы отданы жене Семей қаласының құрметті азаматы. Шығармашылық ғұмырын Семей атырабында өткізумен келе жатқан қаламгер өлкетану ісіне айтарлықтай үлес қосып келеді.

"Ғажайып сәуле" (1959), "Көрінбестің көлеңкесі" (1960), "Жетінші толқын" (1964), "От және атом" (1965) повестері жас жеткіншектерге арналған.

Өндіріс адамдары жайлы "Жеті жылдықтың жігіттері" очерктер кітабы (1961), "Қаз қайтқанда" (1968), "Айшықты мезет" (1969) деректі повестері жарияланды. "Сәтбаев", "Ебіней Бөкетов" (2005) атты деректі ғұмырнамаларын (1980, 1989), "Шығыс хикаясы" пьесасын (1971), "Жаңғырық" (1979), "Көмбе" (1985) романдарын жазды. А.Беляевтің "Қос мекенді адам" романын қазақ тіліне аударған. "Құрмет" орденімен (2001), "Еңбектегі ерлігі үшін" медалімен (1970), Қазақстан Жоғары Кеңесінің Құрмет грамотасымен марапатталған.